

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК

«Армысың, Әз Наурыз»



«Айгөлек» тобы

«Армысың , Әз Наурыз»

1.Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар!Сіздерді көктемнің ең көрікті мерекесі – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Ортаға «Айгөлек» тобының бүлдіршіндерін шақырамыз

2.Жүргізуші:

Бүгін жаңа күн келді

Бүкіл әлем гүлденді

Күн менен түн теңелді

Ғалам нұрға бөленді – деп Балалардың құттықтау сөзін қабыл алыңыздар

Санжар:

Наурыз тойы тамаша

Қарсы алайық жаңаша

Шат- күлкімен қуаныш

Елім сыйлар жұбаныш

Бүршік жарып ағаштар

Асық ойнап балалар

Наурызды жүр қарсы алап

Жасы үлкен аталар

Айлин:

Наурыз тойы болғанда

Біз бақытты баламыз

Бақыт тілеп баршаға

Ақ тілекті дос-жаран

Құтты болсын мереке

Абдурахман:

Қыс өтіп, қар кетіп

Шырайлы жаз жетіп

Шаруаның кенелген

Мейрамы ежелден

Құтты болсын Наурыз

Ақ қар кетіп қыс өтіп

Шырайлы шуақ жаз жетіп

Шаруаның ұлы кенелген

Күн мейрамы ежелден

Құтты болсын бұл Наурыз

Айдар:

Наурызбен құттықтап

Алыс жақын қауышты

Көктемдегі жарқын сәт

Көңілдерге ауысты

Айша

Наурыз келді еліме

Наурыз келді жеріме

Байлық бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне

(Қонаққа Наурыз келеді)

Наурыз: Сәлеметсіздер ме балалар, Мен Наурызбын көктеммен бірге келемін.

Көктем келгенде күн жылынады, қар ериді, табиғат оянады. Наурыз мерекесінде ерекше күн болады, Ол күн мен түн тенелетін күн.күн ұзарады түн қысқара бастайды. Наурыз тек табиғаттын емес, адамдардың да жаңаратын мерекесі. Бұл күні адамдар бір-бірімен көріседі, өкпе-ренішті ұмытып кешірім сұрайды. Сондықтан бұл мереке – мейірімділік, достық, сыйластық мерекесі. Бүгін менде сіздерге арнап ойындар әкелдім.

Ойын: «оқтау тартыс», «Асық ату»

1. Жүргізуші: қош келдіңіз Наурыз біздің мерекеге, балалардың өнерін тамашалаңыз, ендеше мерекеге арналған тілектерімізді жалғастырайық

Карима:

Наурыз тойы- елдің тойы

Көктем тойы- төлдің тойы

Ән айтатын күні бойы

Жаксы көрем Наурыз тойын

Қ Әміре:

Наурыз тойы - салтанат

Наурыз тойы – мархабат

Әр жүректен ән тарап

Шаттанады шартарап

Нұралы:

Уа,ағайын халайық

Мұнда назар салайық

Мерекесі халықтың

Наурыз тойын бастайық

Наурыз айы келгенде

Күн шуағы шашылып

Ақ әжелер құлпырып

Наурыз көже пісіріп

Азиза:

Жеті түрлі дән салып

Дәм татқызған наурыз

Жаксылық тілеп халыққа

Молшылық әкелсін наурыз

2. Жүргізуші:

жылы жақтан құстар кеп

Әнге қосар үнің көп

Наурыз тойын сәндетіп

Шырқаймыз біз бүгін кеп – деп қыздардың орындауында «Торғай» әнің қабыл алыңыз

С Әміре: қыздар өлеңдерін қандай кремет.

Біз бүгінгі мерекеге

Сал серідей сәнмен келдік

Наурыз тойын қарсы алып

Қуанышпен әнмен келдік

Достарымның орыдауында оркестр « »

Адина: жігіттер күйді жақсы ойнадыңдар.

Ақ тілектер айтылып

Әр бір үйге бақ қосың

Наурыз күні келгенде

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашу шашайық

Сұлу қыздар «Көктем гүлі» биің қабыл алыңыз

Алинұр:

Наурыз келді алақай

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашу шашайық

Той думанға келіңіз

Тамашаны көріңіз

Ән айтайық бәріміз

Қол соғайық бәріміз

«Ақбұлақ» әнің қабыл алыңыз

Жігіттердің орыдауында «Ақбұлақ»

Жүргізуші:

Ұлыс оң болсың

Ақ мол болсын

Бақ-береке көп болсын

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, бүгінгі мерекемізге келіп, қуаныш сыйлағандарыңыз үшін үлкен алғыс айтамыз.

Ұлыстын ұлы күні құтты болсын.

Жылымыз жайлы, көңіліміз шат болсын. Сау болыңыздар.

